

Альмухамбетова Бибигуль Жексембаевнаның 6D010300 –  
Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ерекше білім беруді қажет ететін  
білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен  
колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми консультанттың  
ШІКІРІ

Ізденуші – докторант Б.Ж. Альмухамбетованың 6D010300 –  
«Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алуға ұсынылған зерттеу жұмысында соңғы онжылдықтарда  
қазақстандық қоғамның өзекті мәселелерінің бірі «ерекше білім беруді қажет  
ететін білім алушылары» мәселесін қарастырады. Кәсіби білім алу, ерекше  
білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға білім жолында өмірлік мақсатын  
айқындауда таңдау еркіндігін, сондай-ақ рухани және материалдық жағынан  
тәуелсіз болуға мүмкіндік береді, жеке тұлғаның өмірін, тыныс-тіршілігін  
үйлестіреді. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастар үшін аса  
маңызды.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды кәсіптік  
даярлаудағы оқыту мен тәрбиелеу сапасы, білім алушылардың жеке тұлғалық  
және эмоциялық көріністері ғылым алаңында қазір қызу талқылануда. Жаңа  
ұғымдар пайда болып, оның аясында оқыту теориясы мен зерттеу  
технологиясы, зерттеу әдістемесі туралы көзқарастағы өзгерістер  
түсіндірілуде. Докторант Б.Ж.Альмухамбетованың диссертациялық жұмысы  
осы мәселелерді шешуге арналған және Қазақстан Республикасында ерекше  
білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың қазіргі заманғы кәсіби білімін  
дамытуға септігін тигізеді.

Осы уақытқа дейін ғалымдар да, қоғам да бұл мәселені тек арнайы түзету  
мектебіне қатысты қарастырып келген болатын. Алайда, педагогика және  
психология ғылымдары үшін осы бағытты дамытуда психологиялық-  
педагогикалық жағдайлар мен есту қабілеті бұзылған адамның жан-жақты  
дамуының тиімділігі және оның қоғамға толық енуі мәселесі өзекті болып қала  
береді. Докторант өз зерттеуінде зерттелетін мәселенің психологиялық және  
педагогикалық компоненттеріне баса назар аударып, жан-жақты қарастырады.

Б.Ж.Альмухамбетованың диссертациялық жұмысында ерекше білім  
беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоцияларын зерттеу жолдарын  
іздеу ЖОО мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық  
жағдайын зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға, нашар  
еститін білім алушыларды бейімделу жағдайына қарай, қоғам өмірінің  
ырғағына араласуы негізінде біріктіріп оқытудың тәжірибесіне негізделген.

Диссертациямен жұмыс барысында психологиялық-педагогикалық  
әдебиеттерді, қажетті құжаттаманы байыпты талдау және жалпылау  
нәтижесінде автор ЖОО мен колледждің нашар еститін білім алушыларының

эмоциялық жағдайының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету шарттарын нақтылады; Еуропа, РФ және ҚР елдеріндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайының мәселелерін талдады; ЖОО мен колледждегі нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын дамытудың негізгі бағыттарын анықтады; ЖОО мен колледждегі нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделі қатаң логикамен және оның құраушы компоненттерінің негізділігімен ерекшеленеді.

Диссертациялық зерттеуді орындау барысында докторант Б.Ж.Альмухамбетова мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізді:

1-нәтиже. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайы мәселесінің теориялық негіздемесін жасады.

2-нәтиже. ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеді және ЖОО мен колледжде нашар еститін білім алушылардың оқу ерекшеліктерін анықтады.

3-нәтиже. Жоғары оқу орындары мен колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастырды және өткізді.

4-нәтиже. ЖОО мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайын зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірледі.

Сонымен қатар, «М001 Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша «Жоғары оқу орындарындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің эмоциялық жағдайын зерттеу әдіснамасы» элективті курсының мазмұнын әзірледі және сынақтан өткізді.

Зерттеудің нақтылығы мен ғылыми жаңалығының дәрежесін оң бағалай отырып, диссертацияның айтарлықтай практикалық маңызы бар екенін атап өткен жөн, өйткені оның материалдарын ЖОО оқытушылары мен қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде, жоғары оқу орындарында магистранттар мен докторанттар одан әрі зерттеулер жүргізген кезде қолдана алады; ЕБҚ бар білім алушылардың эмоцияларын дамыту бойынша әзірленген ұсыныстар осы үдерісті одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Докторант Б.Ж.Альмухамбетованың теориялық дайындығы өте жақсы. Ол дербес әрі терең ойлау қабілетімен, өнімді болжамдарды ұсыну ерекшелігімен, тиісті зерттеу әдіснамасын таңдаумен және ұсынылған идеяларды тың тәсілмен тұжырымдай білуімен ерекшеленеді.

Докторант Б.Ж.Альмухамбетова ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу бағытында ұзақ уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Оның диссертациялық жұмысы осынау көп жылдық ізденіске толы ғылыми еңбектің нәтижесі болып табылады және инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында жаңа нәтижелерді қамтитындығымен ерекшеленеді.

Диссертациялық зерттеудің авторы өзін алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді нақты анықтауға және тыңғылықты тұжырымдауға, қажетті

зерттеу әдістерін мұқият анықтауға, нәтижелерді терең түсінуге және жан-жақты талдауға қабілетті сауатты, байсалды әрі жауапты зерттеуші ретінде көрсете алды. Докторанттың жұмысынан педагогика, психология саласында психологияны оқыту әдістемесінде жеткілікті білімі бар екені, өз мамандығына зор тереңдікпен әрі қызығушылықпен қарайтыны, кәсіби тұрғыдан өркендеп өсуге ұмтылатындығы анық көрінеді.

Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің талаптарына сәйкес ресімделген.

«Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше, жеткілікті жоғары деңгейде орындаған және толық аяқталған ғылыми зерттеуі болып табылады, бұл Бибигуль Жексембаевна Альмухамбетованы «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санауға мүмкіндік береді және көпшілік алдында қорғауға рұқсат етіледі.

**Ғылыми кеңесші:**

**Психология  
ғылымдарының докторы,  
қауымдастырылған  
профессор (доцент)**



**Тоқсанбаева Н.Қ.**

